

## Көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Құланөтпес ауылының әкімінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 қазанда № 4984 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес, Нұра ауданы Құланөтпес ауылының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Нұра ауданы Құланөтпес ауылының көшелері:

- 1) Молодежная көшесі Шоқан Уәлиханов көшесіне;
- 2) Зеленая көшесі Бауыржан Момышұлы көшесіне;
- 3) Центральная көшесі Абай Құнанбаев көшесіне;
- 4) Больничная көшесі Әлихан Бөкейханов көшесіне;
- 5) Школьная көшесі Ыбырай Алтынсарин көшесіне;
- 6) Красносулинская көшесі Мұхтар Әуезов көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл әкімі*

*А. АЛКЕНОВ*